

Ынтымақтастық және қарым-қатынас орнату туралы келісім

201_ жылғы _____
_____ қаласы

« _____ » кәсіпорны Жарғы негізінде әрекет жасайтын директор _____ арқылы бір тараптан, және « _____ » зауыты Жарғы негізінде әрекет жасайтын директор _____ арқылы екінші тараптан, төмендегі туралы Келісімге қол қойды:

1. Осы Келісім тараптар әрқайсысының мүддесін көздейтін ғылыми-техникалық қызмет, техника мен технологиялардың жаңа түрін жасау саласындағы жобаларды іске асыру негізінде жасалды.

2. Жоғарыда айтылғанның негізінде осы Келісімге қатысатын тараптардың әрқайсысының жарғылық міндеттері мен экономикалық мүдделеріне сәйкес жалпы шаруашылық мақсаттарға қол жеткізу үшін Кәсіпорын мен Зауыт бірлесіп әрекет жасауға міндеттенеді.

3. Тараптар алдына қойған бірлескен мақсаттарды жүзеге асыру барысында Кәсіпорын мен Зауыт өзара қатынасын теңдік, адал серіктестік және бір бірінің мүддесін қорғау негізінде құруға тырысады.

4. Қажет болған жағдайда тараптар бірлескен жобаларды өтеусіз және пайызсыз негізде өзара қаржыландыруды жүзеге асырады.

Осы мақсатпен ақша қаражаты тараптар бірінің шотына шоғырландырылады; мөлшері, сомасы және оны жұмсау тәртібі тараптардың бөлек келісімдерінде белгіленеді.

5. Тараптар ғылыми-техникалық және коммерциялық ынтымақтастық шеңберінде тараптар келісімімен белгілеген мақсаттарға өзара несиелендіруді жүзеге асыруға ниет білдіріп отыр.

6. Осы Келісім бойынша мақсатқа жылдам қол жеткізу үшін тараптар бірыңғай мүддені білдіретін аспектілер бойынша ақпаратпен алмасып отыруға, бірлескен кеңестер мен семинарларды өткізуге, үшінші тұлғалармен ғылыми-техникалық және коммерциялық-қаржылық байланыс орнатуға және сол қарым-қатынастан болған нәтиже туралы бір біріне хабарлап отыруға міндеттенеді.

7. Бірлескен жобаларды жүзеге асыруда тараптар қатысуының нақты түрі және көлемі қосымша келісімдермен және шарттармен айқындалады.

8. Осы Келісім, егер тараптар қажет деп тапса, нақты шарттарды (ғылыми-зерттеу жұмыстарды жүргізуге, жеткізуге, пайызсыз заемға, бірлесіп қызмет атқаруға және т.б.) жасасудың алғышарты және негіздемесі болып табылады.

9. Бірлесіп жасаған қызметтің және іскерлік ынтымақтастық нәтижесінде түскен кірістер әр жеке жағдайда тараптар келісімі бойынша бөлінеді.

Әр қатысушы бірлесіп жасаған қызметтен түскен кірістегі бөлігін жұмсау бағытын өзі шешеді.

10. Осы келісім тараптар бірлесіп қызметін жалғастыруға мүдделі болғанға дейін белгісіз уақыт қолданыла береді.

11. Осы Келісім алдын ала жасалған болып табылады және тараптарға ешқандай нақты қаржылық және заңды міндеттерді жүктемейді.

12. Осы Келісімнің 2 түпнұсқа данасы жасалды, әр тарапқа бір данадан.

13. Осы Келісімде көзделмеген жағдайлар кездескенде тараптар қолданыстағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін басшылыққа алады.

14. Осы Келісімді орындау барысында тараптар тек көзделген талаптарды атқарумен шектелмей, коммерциялық қатынастардың тиімділігі мен дамуын қамтамасыз ету үшін іскерлік қатыстарды кеңейтіп, барлық қажетті шараларды қолдануға міндеттенеді.

15. Тараптардың мекенжайы мен банк деректемелері.

Кәсіпорын:

Пошта индексі мен мекенжайы: _____

Телефон _____, факс _____.

_____ банктегі Есеп айырысу шоты № _____

Банктің корреспонденттік шоты: _____

Сәйкестендіру нөмірі: _____

Зауыт:

Пошта индексі мен мекенжайы: _____

Телефон _____, факс _____.

_____ банктегі Есеп айырысу шоты № _____

Банктің корреспонденттік шоты: _____

Сәйкестендіру нөмірі: _____

Өсы Келісімге қол қойғандар:

Кәсіпорын өкілі

Зауыт өкілі

Соглашение о сотрудничестве и организации взаимоотношений

"__" _____ 201_ года

г. _____

Предприятие «_____» в лице директора _____, действующего на основании Устава, с одной стороны, и Завод «_____» в лице директора _____, действующего на основании Устава, с другой стороны, подписали настоящее Соглашение о нижеследующем:

1. Стороны в соответствии с настоящим Соглашением исходят из того, что интересам каждой из них соответствует реализация проектов в сфере научно-технической деятельности, создания новых видов техники и технологии.

2. На основании вышеизложенного Предприятие и Завод обязуются совместно действовать для достижения общих хозяйственных целей в соответствии с уставными задачами и экономическими интересами каждой из участвующих в настоящем Соглашении сторон.

3. В процессе осуществления поставленных перед сторонами совместных целей Предприятие и Завод будут стремиться строить свои взаимоотношения на основе равенства, честного партнерства и защиты интересов друг друга.

4. В случае необходимости стороны будут осуществлять взаимное финансирование совместных проектов на безвозмездной и беспроцентной основе.

Для этих целей денежные средства будут аккумулироваться на счете одной из сторон; размер, сумма и порядок их использования будут определены отдельными соглашениями сторон.

5. Стороны намерены осуществлять взаимное кредитование на цели, определенные соглашениями сторон в рамках научно-технического и коммерческого сотрудничества.

6. Для скорейшего достижения целей по настоящему Соглашению стороны обязуются обмениваться имеющейся в их распоряжении информацией по аспектам взаимного интереса, проводить совместные консультации и семинары, устанавливать научно-технические и коммерческо-финансовые связи с третьими лицами и информировать друг друга о результатах таких контактов.

7. Конкретные формы и размеры участия сторон в осуществлении совместных проектов будут определяться дополнительными соглашениями и договорами.

8. Настоящее Соглашение является предпосылкой и основанием для заключения, если стороны сочтут это необходимым, конкретных договоров (на проведение НИР, поставку, беспроцентный заем, о совместной деятельности и т. д.).

9. Доходы, получаемые в результате совместной деятельности и делового сотрудничества, распределяются в каждом отдельном случае по соглашению сторон.

Каждый участник самостоятельно определяет направления использования своей доли прибыли, полученной от совместной деятельности.

10. Действие настоящего Соглашения распространяется на неопределенное время, пока стороны заинтересованы в продолжении совместной деятельности.

11. Настоящее Соглашение является предварительным и не налагает на стороны никаких конкретных финансовых и юридических обязательств.

12. Настоящее Соглашение составлено в 2-х подлинных экземплярах по одному для каждой из сторон.

13. В случаях, не предусмотренных настоящим Соглашением, стороны руководствуются действующим Гражданским кодексом Республики Казахстан.

14. Стороны обязуются при исполнении настоящего Соглашения не сводить сотрудничество к соблюдению только содержащихся в нем требований, поддерживать

деловые контакты и принимать все необходимые меры для обеспечения эффективности и развития коммерческих связей.

15. Адреса и банковские реквизиты сторон.

Предприятие:

Почтовый индекс и адрес: _____

Телефон _____, факс _____.

Расчетный счет N _____ в банке _____

Корреспондентский счет банка: _____

Идентификационный номер: _____

Завод:

Почтовый индекс и адрес: _____

Телефон _____, факс _____.

Расчетный счет N _____ в банке _____

Корреспондентский счет банка: _____

Идентификационный номер: _____

Настоящее Соглашение подписали:

Представитель Предприятия

Представитель Завода